



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента

«__» _____ 20 __ года

2024 жылғы 6 қарашада жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О. А. Бектеновке

Депутаттық сауал

Құрметті Олжас Абайұлы!

«Ауыл» партиясы» фракциясының депутаттары Жамбыл облысының сайлаушыларымен кездескенде фосфор өндірісінің (фосфогипс) қалдықтарына байланысты экологиялық жағдайдың ушығып баратқанын тағы да көтерді.

Жел тұрғанда көзді аштыртпайтын қалдық үшқындысы Тараз қаласының және батыс жағында іргелес жатқан елді-мекен тұрғындарының денсаулығына тікелей әсер етуде. Осыған байланысты көптеген арыз-шағымдар депутаттардың атына бірінен соң бірі келуде.

Қазіргі таңда Тараз қаласындағы аммофос өндіруге арналған екі үйіндіге 17 миллион тоннадан астам фосфогипс өндірісінің қалдықтары жиналып, екеуі де толығымен толтырылған.

Жағдай жыл санап күрделеніп барады, төтенше апат деп танысақта болады!!!

Фосфогипске қатысты жауыры шыққан сұрақтарды алдыңғы шақырылымдағы депутаттарда бірнеше рет көтеріп, мәселені шешу үшін шаруаларға фосфогипсті тасымалдауға кеткен шығындарын субсидиялауды ұсынған еді.

Алайда Үкімет фосфогипс тек қосалқы өнім екенін, тыңайтқыш түріне жатпайтынын алға тартып, бұл бастаманы қолдамады.

2022-2023 жылдары Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты «Қазфосфат» компаниясының тапсырысымен суармалы жерлерді химиялық мелиорациялау үшін фосфогипстің дозасын анықтау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген. Зерттеу нәтижесінде фосфогипсті күзде қолданғанда, топырақтың жоғарғы қабаттарында ылғалдың көп жиналғанын және көктемде оның булануын азаятыны анықталған. Бұл ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым өнгіштігін жақсартуға үлкен жағдай жасайды.

Бүгінде «Қазфосфат» компаниясы ел диқандарын фосфогипсті тоннасын 1 теңгеге бағалап қамтамасыз етуге дайын екенін жариялап отыр.

Өткен жылы «Қазфосфат» компаниясымен Халықаралық Аралды құтқару қоры арасында «Арал теңізінің құрғатылған түбінің тәжірибелік аймақтарында фосфогипсті пайдалану бойынша бірлескен зерттеулер жүргізу туралы» келісімге қол қойылды. Зерттеу нәтижесі оң болса, фосфогипстің үлкен көлемін тасымалдауға шамамен 5-6 миллиард теңге бөлу керек болады.

Демек, Үкімет осындай тың жобаларды ескере отырып, қаржыландыру тетіктерін пысықтау қажет.

2024 жылы Экология және табиғи ресурстар министрлігі облыс бойынша фосфогипсті жинайтын үшінші үйінді құрылысына рұқсат берді, бұл нысана Жамбыл ауданында алаңы 51 га жерде салынады және 2029 жылға дейін пайдалануға беріледі деп жоспарлануда, бірақ фосфогипс жинайтын жаңа нысана экологиялық мәселелерді түбегейлі шешпейтіні анық.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, «Ауыл» партиясының Жамбыл облысы бойынша филиалы мен Фракция депутаттары Үкіметке келесі шараларды қарастыруды ұсынады:

Бірінші. Фермерлердің көлік шығындарын субсидиялау болса, «Қазфосфат» компаниясының негізгі талабы «фосфогипстің үйіндісінен құтылу».

Екінші. Фосфогипсті өнеркәсіптің басқа да салаларында қолдану мүмкіндіктерін зерттеп, кеңінен қолдану және өткізу бойынша тиісті шаралар қабылдау.

Үшінші. Фосфогипс экспортының әлеуетті нарықтарына зерттеу жүргізу және қажет болған жағдайда оны кедендік төлемсіз сатуға тиісті шешім қабылдау және де көлік шығындарын субсидиялау.

Төртінші. Арал теңізі түбінің құрғатылған аймақтарында фосфогипсті пайдалану тәжірибесін зерделеу және қажет болған жағдайда бұл жобаны қаржыландыру мүмкіндігін қарастыру.

Бесінші. 2023-2026 жылдарға арналған Жамбыл облысында экологиялық проблемаларды кешенді шешу жол картасының орындалуына бақылауды күшейту және қажет болған жағдайда оны жоғарыда аталған шаралармен толықтыру қажет.

Сондықтан көрсетілген мәселелер мен ұсыныстарды Үкімет өз тарапынан мұқият зерделеуін және нақты шешім қабылдауын талап етеміз.

Енді бар үмітіміз Олжас Абайұлы, сізде!

**«Ауыл» партиясы
фракциясының депутаттары**

Жигули Дайрабаев

Серік Егізбаев

Анас Баққожаев

Аян Зейнуллин

Қарақат Абден

Николай Арсютин

Ерболат Саурықов

Таңсауле Серіков

Орын: Д.Жумадилов
Тел.: 74-67-67